



Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 28 қазандағы № ҚР ДСМ-121 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 қарашада № 30393 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 9-бабының 40-5) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

A. Гиният

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

Аэроқорғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Фылым және жоғары

білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2022 жылғы 28 қазандығы
№ КР ДСМ-121 Бұйрығына
қосымша

Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары

p/c №	Біліктілік талаптары мыналардың болуын қамтиды:	Біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын күжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
Патогенді I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары	Меншік құқығындағы үй-жайлар немесе ғимараттар немесе кемінде бір жыл мерзімге жалдау шарттары (құқықтық кадастрда мемлекеттік тіркей отырып) немесе жылжымайтын мұлікті өтеусіз пайдалану (несие) немесе мұлікті сенімгерлік басқару шарттары немесе сәулелет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына, "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан	Осы біліктілік талаптарына қосымшага сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	Көрсетілетін қызметті беруші меншік құқығын куәландыратын күжаттар туралы мәліметтерді жалдау шарттарын, жылжымайтын мұлікті (несиені) өтеусіз пайдалану шартын, мұлікті сенімгерлік басқару шарттарын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын қоспағанда, "Е-лицензиялау" мемлекеттік дереккорымен интеграцияланған "Жылжымайтын мұлік тізілімі" мемлекеттік дереккорынан алады,
1			

	Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21080 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығы) талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары	олар құжаттың электрондық көшірмесі түрінде ұсынылады. № ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығына объектінің сәйкестігі туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметінің (Egov) ақпараттық порталынан алады.
2	№ ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығына сәйкес келетін жұмыс істеп тұрған зертханалық жабдық пен жиһаз, сондай-ақ мұкәммал, көлік құралдары	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер
3	Жеке қорғаныш құралдары	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер
4	"Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды пайдаланатын зертханаларға койылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 15 қазандығы № ҚР ДСМ-105 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24809 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-105 бұйрығы) сәйкес зертханалардың орындалатын зерттеулер номенклатурасына сай жарақтандырылуы	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер
5	Таза және жүқпалы ағындардың қылышын болдырмауды көздейтін	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға

	биологиялық материалдың ағымдылығын сақтау	сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	
6	<p>Штатта "Зертханалық диагностика" немесе "Гигиена және эпидемиология" немесе "Мейіргер ісі" немесе "Емдеу ісі" немесе "Акушерлік іс" мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімі немесе "Ветеринария" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (колледж) білімі және (немесе) "Денсаулық сақтау" немесе "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика" (биологиялық, химиялық, химиялық-биологиялық) немесе "Ветеринариялық медицина", "Ветеринариялық санитария" даярлау бағыты бойынша жоғары білімі және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі және (немесе) ғылыми дәрежесі бар, білім және ғылым ұйымдарында не аккредиттеу органдары танылған "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 10) тармақшасына сәйкес қалыптасатын аккредиттелген органдардың тізіліміне енгізілген, аккредиттеу органдарында институционалдық аккредиттеуден өткен патогенді биологиялық</p>	<p>Осы біліктілік талаптарына косымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер</p>	<p>Жоғары немесе орта медициналық білім туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші 2015 жылға дейін аяқтаған адамдарды, сондай-ақ білім туралы құжаттың көшірмесін ұсынатын, Қазақстан Республикасының аумағы шегінен тыс аяқтаған адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің ақпараттық жүйесінен (мәліметтер 2015 жылдан бастап) алады.</p> <p>Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде білім алған мамандар "Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын, сондай-ақ білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі № 352 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23626 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 352 бұйрық) сәйкес шетелдік білім беру ұйымдары, оның ішінде олардың филиалдары, сондай-ақ ғылыми орталықтар мен зертханалар берген</p>

	<p>агенттермен жұмыс істеу мәселелері бойынша сертификаттау курсы туралы күәлігі бар патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын мамандардың болуы</p>	<p>білім туралы құжаттарды тану туралы құжаттың көшірмесін ұсынады.</p> <p>Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші</p> <p>Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметінің (Egov) ақпараттық порталынан алады.</p>
7	<p>Штатта көмекші персоналдың болуы:</p> <p>1) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу кезінде биологиялық қауіпсіздік жөніндегі жыл сайынғы нұсқамадан өткен дезинфекторлар, жүргізушілер, санитарлар, жануарларды бекітетін жұмысшылар;</p> <p>2) денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау мәселелері бойынша қосымша білім алудан өткендігі туралы құжаты (сертификаты, күәлігі) бар дезинфектор-нұсқаушылар;</p> <p>3) далалық жағдайларда биологиялық материалды алу (жинау) және далалық жағдайларда дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау бойынша міндеттерді орындау кезінде денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау мәселелері бойынша қосымша білім алудан өткендігі туралы құжаты (сертификаты, күәлігі), сондай-ақ патогенді</p>	<p>Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес біліктілік</p>

	<p>биологиялық агенттермен жұмыс істеу кезінде биологиялық қауіпсіздік жөніндегі курстарды аяқтағандығы туралы құжаты (сертификаты, күнделігі) бар нұсқаушы-дезинфекторлар</p>	<p>талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер</p>	
--	--	---	--

Патогендігі III және (немесе) IV топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптары

1	<p>Меншік құқығындағы үй-жайлар немесе ғимараттар немесе кемінде бір жыл мерзімге жалдау шарттары (құқықтық cadastrда мемлекеттік тіркей отырып) немесе жылжымайтын мүлікті өтеусіз пайдалану (несие) немесе мүлікті сенімгерлік басқару шарттары немесе сәулет, кала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарына, № КР ДСМ -96/2020 бүйріғының талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары</p>	<p>Осы біліктілік талаптарына қосымшага сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер</p>	<p>Көрсетілетін қызметті беруші меншік құқығын қуәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді жалдау шарттарын, жылжымайтын мүлікті (несие) өтеусіз пайдалану шартын, мүлікті сенімгерлік басқару шарттарын, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттың қоспағанда, "Е-лицензиялау" мемлекеттік дереккорымен интеграцияланған "Жылжымайтын мүлік тізілімі" мемлекеттік дереккорынан алады, олар құжаттың электрондық көшірмесі түрінде ұсынылады. № КР ДСМ-96/2020 бүйріғына объектінің сәйкестігі туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметінің (Egov) ақпараттық порталынан алады.</p>
2	<p>№ КР ДСМ -96/2020 бүйріғының, талаптарына сәйкес келетін жұмыс істеп тұрған зертханалық жабдық пен жиһаз, сондай-ақ мүкеммал, көлік құралдары</p>	<p>Осы біліктілік талаптарына қосымшага сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер</p>	
		<p>Осы біліктілік талаптарына қосымшага</p>	

3	Жеке көрганыш құралдары	сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	
4	№ ҚР ДСМ -105 бұйрығы на сәйкес зертханалардың орындалатын зерттеулер номенклатурасына сай жарақтандырылуы	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	
5	Таза және жүқпалы ағындардың қызылсызын болдырмауды көздейтін биологиялық материалдың ағымдылығын сақтау	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	
6	Штатта "Зертханалық диагностика" немесе "Гигиена және эпидемиология" немесе "Мейіргер ісі" немесе "Емдеу ісі" немесе "Акушерлік іс" мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта) медициналық білімі немесе "Ветеринария" мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік (колледж) білімі және (немесе) "Денсаулық сақтау" немесе "Жаратылыштану ғылымдары, математика және статистика" (биологиялық, химиялық, химиялық-биологиялық) немесе "Ветеринариялық медицина", "Ветеринариялық санитария" даярлау бағыты бойынша жоғары білімі және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі және (немесе) ғылыми дәрежесін бар, білім және ғылым ұйымдарында не акредиттеу органдары	Осы біліктілік талаптарына қосымшаға сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	Жоғары немесе орта медициналық білім туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші 2015 жылға дейін аяқтаған адамдарды, сондай-ақ білім туралы құжаттың көшірмесін ұсынатын, Қазақстан Республикасының аумағы шегінен тыс аяқтаған адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің акпараттық жүйесінен (мәліметтер 2015 жылдан бастап) алады. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде білім алған мамандар "Білім туралы құжаттарды тану қағидаларын, сондай-ақ білім туралы құжаттары Қазақстан Республикасының аумағында танылатын шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 19 шілдедегі № 352 бұйрығына (

	танаған "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Занының 5-бабы 10) тармақшасына сәйкес калыптасатын аккредиттеген органдардың тізіліміне енгізілген, аккредиттеу органдарында институционалдық аккредиттеуден өткен патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу мәселелері бойынша сертификаттау курсы туралы күелігі бар патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын мамандардың болуы	Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23626 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 352 бұйрық) сәйкес шетелдік білім беру үйымдары, оның ішінде олардың филиалдары, сондай-ақ ғылыми орталықтар мен зертханалар берген білім туралы құжаттарды тану туралы құжаттың көшірмесін ұсынады. Денсаулық сактау саласындағы маман сертификаты туралы мәліметтерді көрсетілетін қызыметті беруші Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі (Egov) ақпараттық порталынан алады.	
7	Штатта биологиялық агенттермен жұмыс істеу кезінде биологиялық қауіпсіздік жөніндегі жыл сайынғы нұсқамадан өткен көмекші персонал, оның ішінде санитарлардың болуы	Осы біліктілік талаптарына қосымшага сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер	Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына қосымша

Мәлімделген зерттеулер номенклатурасына байланысты патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер

1. Отініш беру жоспарланып отырған зерттеулердің мәлімделген номенклатурасы және патогенді биологиялық агенттер

2. Меншік құқығындағы үй-жайлар немесе ғимараттар немесе кемінде бір жыл мерзімге жалдау шарттары (құқықтық кадастрда мемлекеттік тіркей отырып) немесе жылжымайтын мұлікті өтеусіз пайдалану (несие) немесе мұлікті сенімгерлік басқару шарттары немесе сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік

нормативтердің талаптарына, "Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бүйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21080 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-96/2020 бүйрығы) талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары

- 1) Кадастрық нөмірі _____
- 2) Орналасқан жері _____
- 3) Жалдау туралы шарттың нөмірі мен күні _____
- 4) Жалға беруші _____
- 5) Жалдаудың аяқталу мерзімі _____
- 6) Үй-жайдың (ғимараттың) қабаттық жоспары _____

3. № ҚР ДСМ-96/2020 бүйрығына сәйкес келетін жұмыс істеп тұрган зертханалық жабдық пен жиназ, сондай-ақ мүкеммал, көлік құралдары:

Зертханалық жабдық, жиназ, мүкеммал, көлік құралдары тізбесі

4. Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларының талаптарына сәйкес келетін жеке қорғаныш құралдары.

Типі мен саны көрсетіле отырып, жеке қорғаныш құралдарының тізбесі:

5. "Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды пайдаланатын зертханаларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 15 қазандығы № ҚР ДСМ-105 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24809 болып тіркелген) сәйкес зертханалардың орындалатын зерттеулер номенклатурасына сай жарақтандырылуы:

Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыру үшін шығыс материалдарының тізімі

6. Таза және жұқпалы ағындардың қылышын болдырмауды көздейтін биологиялық материалдың ағымдылығын сақтау:

Материалдың қозғалыс схемасы (ағымдылығы) көрсетіле отырып, үй-жайдың (ғимараттың) қабаттық жоспары

7. Штатта патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын мамандардың болуы:

№	Аты, тегі, әкесінің аты (ол бар болса)	Лауазым	Мамандығы және біліктілігі	Жоғары немесе орта білімі туралы дипломның нөмірі мен күні	Оқу орнының атауы	Дипломның ностирификациясы туралы мәліметті ер (Қазақстан Республикасынан түс жерде білім алғандар үшін)	Мамандығы бойынша сертификаттық еңбек етілі	Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді мәселелеп і мәселелеп і бойынша сертификаттық курс туралы күәліктің нөмірі мен берілген күні, оны берген үйым туралы деректер *	Биологиялық қауіпсіздік саласындайтын біліктілік арттыру туралы құжаттың нөмірі және берілген күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

*Ескертпе: патогендігі I және (немесе) II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын мамандар үшін

8. Штатта патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу кезінде қосалқы функцияны орындастын көмекші персоналдың болуы:

№	Аты, тегі, әкесінің аты (ол бар болса)	Лауазымы	Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу кезінде биологиялық қауіпсіздік бойынша жыл сайынғы нұсқамадан ету күні (дезинфекторлар, жүргізушилер мен санитарлар бойынша толтырылады)	Денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау мәселелері бойынша қосымша білім алудан өткендігі туралы күжаттың (сертификат, куәлік) нөмірі мен берілген күні (дезинфектор-нұсқаушылар бойынша толтырылады)	Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеу кезінде биологиялық қауіпсіздік жөніндегі курстарды аяқтағандығы туралы құжаттың (сертификат, куәлік) нөмірі және берілген күні (далалық жағдайда жұмыс істейтін дезинфектор-нұсқаушылар, дезинфекторлар бойынша толтырылады)
1	2	3	4	5	6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК